



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс-қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін айтты. Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастап қолға алу қажеттігін де атап өтті. Ал осы межелі мақсатқа кедергісіз қол жеткізу үшін не істеу керек? Бұл мәселені жан-жақты талқылау мақсатында республика көлемінде әрбір мекеме, ұйымдарда іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осындай іс-шара Кертінді үлгілі ауылдық кітапханасының

Латын әліпбиі – өркениет жолы



ұйымдастыруымен жоғары сынып оқушылары арасында «Латын әліпбиі – өркениет жолы» атты еліміздің өсіп өркендеуіне тигізер зор ықпалы туралы пікір алмасу кеші өткізілді.

Осы ақпараттық сағатта латын әліпбиіне көшу мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік жасайтынына байланысты тың ой-пікірлер айтылды. Әр оқушы латын әліпбиінің біздің заманымызда қолданылуы туралы ойларын ортаға салды. Мысалы, Рахимбекова Ақбөпе: «Менің ойымша, латын әліпбиіне өтуіміз еліміздің бай мәдениеті және мұрасымен көптеген шетелдік оқырмандардың терең танысуына жол ашады. Ал, біздің жастар үшін әлем кеңістігі, дамыған елдердің мол жинақталған техникалық, әдеби, тағы басқа туындыларын түп нұсқада оқуға жол ашылады», - деп өз пікірін айтты.

Б.К. Ахтямова
Кертінді үлгілі ауылдық
кітапханасының кітапханашысы